



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

29 желтоқсан 2023 жыл

№ 1050 – ЦЗ

Астана қаласы

город Астана

Ұйым стандартын бекіту туралы

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарының жұмыстарды және қызметтерді, тауарлық-материалдық құндылықтарды жеткізушілермен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында өзара әрекеттесуінің бірыңғай тәртібін белгілеу мақсатында, Серіктестік туралы 2018 жылғы 4 шілдедегі №43-АҚ шартының 1-тармағының 19) тармақшасына, 3-тармағының 1) тармақшасына, 6-тармағының 18) тармақшасына, Серіктестік туралы 2016 жылғы 28 шілдедегі №82-АҚ шартының 1-тармағының 15) және 17) тармақшаларына, 3-тармағының 1) тармақшасына, Серіктестік туралы 2023 жылғы 17 мамырдағы №23-АҚ шартының 1-тармағының 19) тармақшасына, 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**


1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарында жұмыстарды мердігер орындаған кезде қауіпсіздікті басқару» АҚ СТ 2.01-2023 ұйым стандарты бекітілсін.

2. «Ұйым стандартын бекіту туралы» 2021 жылғы 15 сәуірдегі №301-ЦЗ бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

**Бас инженер-Техникалық саясат
департаментінің директоры**

Б.Котырев

Орынд. Омаров М.М. – Цтех
+7 (7172) 60 34 22



«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы

ҰЙЫМ СТАНДАРТЫ

**«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫ МЕН ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРЫНДА ЖҰМЫСТАРДЫ
МЕРДІГЕР ОРЫНДАҒАН КЕЗДЕ ҚАУІПСІЗДІКТІ БАСҚАРУ**

АҚ СТ 2.01-2023

Астана

Алғысөз

1 Техникалық саясат департаменті **ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН**

2 «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Бас инженері-Техникалық саясат департаменті директорының 2023 жылғы «29» Мамырауы № 1050-13 бұйрығымен **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.**

3 2021 жылғы 15 сәуірдегі №301-ЦЗ бұйрығымен бекітілген «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарында жұмыстарды мердігер орындаған кезде қауіпсіздікті басқару» стандартының **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ.**

«Осы ұйым стандартының «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басылып шығарылуы, көбейтілуі және таратылуы мүмкін емес»

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар.....	1
3	Жалпы ережелер	2
4	Сатып алуды ұйымдастыру және жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге және/немесе тауарды жеткізуге арналған шарттың жобасын жасау кезіндегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік жөніндегі талаптар мен шарттар.....	3
5	Нұсқаушы кеңесті өткізу	3
6	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқама жүргізуді ұйымдастыру.....	4
7	Мердігер қызметкерлерінің Тапсырыс берушінің/Мердігердің объектілерінде жұмыстарды орындау кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтауына мониторинг жүргізу.....	4
8	Мердігерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы қызметін бағалау	5
9	Мердігердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы қызметін цифрлық платформада ұйымдастыру	5
10	Жауапкершілік	6
	А қосымша (<i>міндетті</i>). Стандарттың ережелері қолданылмайтын шарттардың тізбесі	7
	Б қосымша (<i>міндетті</i>). Мердігерлер бойынша дерекқор.....	8
	В қосымша (<i>міндетті</i>). Жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге және тауарлық-материалдық құндылықтарды жеткізуге арналған шартқа енгізу үшін еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндетті шарттар (шарттың мәнін және көзделген жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің ерекшелігін ескере отырып).....	9

Г қосымша (<i>міндетті</i>). Айыппұл мөлшерін көрсете отырып, мердігерлердің Компанияның және еншілес ұйымдардың объектілерінде жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету және тауарлық-материалдық құндылықтарды жеткізуі кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар тізбесі.....	11
Д қосымша (<i>міндетті</i>). Нұсқаушы кеңестің бағдарламасы	14
Е қосымша (<i>міндетті</i>). Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы тексеруге арналған чек-парақ	15
Ж қосымша (<i>міндетті</i>). Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы аудитке арналған чек-парақ.....	16
К қосымша (<i>міндетті</i>). Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздіктің жай-күйі туралы ақпарат.....	17

ҰЙЫМ СТАНДАРТЫ

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ МЕН ОНЫҢ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРЫНДА ЖҰМЫСТАРДЫ МЕРДІГЕР ОРЫНДАҒАН КЕЗДЕ ҚАУІПСІЗДІКТІ БАСҚАРУ

Енгізілген күні _____

1. Қолданылу саласы

1.1. Осы Стандарт осы Стандартқа А қосымшада көрсетілген жағдайларды қоспағанда, жасалған шарттардың талаптары көлемінде мердігерлермен жұмыс істеу кезінде Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен ЕҰ қолдануына және орындауына жатады.

2. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

2. Осы Стандартта келесі негізгі ұғымдар мен қысқартулар қолданылады:

Тапсырыс беруші	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы және/немесе оның еншілес ұйымдары.
ИСПБ	«Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі біріктірілген жүйе» автоматтандырылған басқару жүйесі.
Аутсорсинг	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының немесе оның еншілес ұйымдарының функцияларын шарттар жасасу арқылы оларды жүзеге асыру үшін бәсекелестік ортаға беру.
Мердігер	келісімшартқа (Шартқа) сәйкес жұмыстарды орындайтын, қызметтер көрсететін немесе тауарлық-материалдық құндылықтарды жеткізетін, оның ішінде аутсорсинг шарттарында, «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының аумағында немесе мүддесінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету сапасына әсер етуі мүмкін заңды немесе жеке тұлға.
Тауар Түзету әрекеті	тауарлық-материалдық құндылықтар. анықталған сәйкессіздіктің немесе басқа жағымсыз жағдайдың себебін жоюға бағытталған әрекет.
Жазатайым оқиға	нәтижесінде өндірістік жарақат, денсаулығының кенеттен нашарлауы немесе жұмыскердің улануы, оны еңбекке қабілеттілігінен уақытша немесе тұрақты айырылуға не өлімге әкеп соқтырған зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактор жұмыскеріне жұмыс берушінің еңбек (қызметтік) міндеттерін немесе тапсырмаларын орындау кезінде қасақанасыз әсер ету.

Объектілер	теміржол станциялары, аралықтар, ғимараттар, құрылыстар, үй-жайлар, жасанды құрылыстар, теміржол жылжымалы құрамы, арнайы жылжымалы құрам, өндірістік учаскелер және өндірістік процестерге байланысты олардың орналасқан аумақтары бар басқа да объектілер.
Оқиға	өндірістік қызметтің нәтижесінде немесе барысында болған, өртке, жарылысқа, апатқа, оқыс оқиғаға немесе істен шығуға, жол-көлік оқиғасына немесе Компанияның бизнесі мен беделіне және/немесе бұрын әсер еткен кез келген басқа оқиғаға әкеп соқтырған немесе әкелуі мүмкін кез келген жоспарланбаған оқиға.
Компанияның құрылымдық бөлімшелері (ҚБ)	Компанияның орталық аппаратының департаменттері, қызметтері, бөлімдері, филиалдары, тіркеме штаты, өкілдіктері, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан.
Қауіпсіздік қызметі (Қызмет)	функцияларына Компанияның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік салаларындағы саясатын іске асыруды қамтамасыз ету жататын Компанияның және ЕҰ басқаруының барлық деңгейлеріндегі құрылымдық бөлімшелері.
Нұсқаушы кеңес	Мердігердің өкілдеріне Компанияның және ЕҰ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптарын түсіндіру мақсатында ұйымдастырылған Тапсырыс беруші мен Мердігер Қызметінің қатысуымен өтетін кеңес.
«ҚТЖ» ҰК» АҚ, Компания ЕҰ	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының еншілес ұйымдары - дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамына меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалар.

3. Жалпы ережелер

3. Компанияның немесе ЕҰ-лардың Мердігерлерге еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласында әсер етуі:

1) Компанияның және ЕҰ объектілерінде жұмыстарды орындауға/қызметтер көрсетуге, тауарды жеткізуге арналған шарттарға Мердігердің заңнамалық актілердің талаптары мен еңбек қауіпсіздігі және

еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптарды сақтауы жөніндегі міндеттемелерді енгізу;

2) Нұсқаушы кеңесті өткізу;

3) Тапсырыс берушінің/Мердігердің объектілеріне барған кезде Мердігердің/Тапсырыс берушінің персоналымен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқама жүргізу;

4) Мердігер персоналының Компанияның және ЕҰ объектілерінде жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету және тауарды жеткізу кезінде заңнамалық актілердің талаптарын және жасалған шарттардың ережелерін сақтауына мониторингті қамтамасыз ету.

5) Мердігер ұсынған ақпарат негізінде Мердігердің өндірістік қауіпсіздігінің жай-күйін талдау арқылы жүзеге асырылады.

4. Тапсырыс берушінің әрбір Қызметі осы Стандартқа Б қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мердігерлер бойынша деректер базасын құрады. Көрсетілген деректер базасының негізінде Тапсырыс берушінің Қызметі Компанияның және ЕҰ Объектілеріндегі Компания/ЕҰ қызметкерінің денсаулығына әсер етін ілеспе тәуекелдерді анықтайды және Мердігердің қызметіне тән экологиялық аспектілерді сәйкестендіреді және бағалайды.

4. Сатып алуды ұйымдастыру және жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге және/немесе тауарды жеткізуге арналған шарттың жобасын жасау кезіндегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік жөніндегі талаптар мен шарттар

5. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы әлеуетті мердігерге қойылатын талаптар жұмыстарды орындауға/қызметтер көрсетуге, тауарды жеткізуге арналған шартта баяндалады.

6. Тапсырыс берушінің Объектілерінде жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге және тауарды жеткізуге арналған шарттың жобасын әзірлеу кезінде оған мыналардың енгізілуін қамтамасыз етеді:

1) осы Стандартқа В қосымшаға сәйкес еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндетті шарттар (шарттың мәнін және ол көздеген жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің ерекшелігін ескере отырып);

2) осы Стандартқа Г қосымшаға сәйкес айыппұл шамасын көрсете отырып, Компанияның және ЕҰ Объектілерінде Мердігерлердің жұмыстарды орындауы және қызметтер көрсетуі кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар тізбесін.

5. Нұсқаушы кеңесті өткізу

7. Тапсырыс беруші мен Мердігердің қатысуымен нұсқаушы кеңесті дайындауды, ұйымдастыруды және өткізуді Тапсырыс берушінің Қызметі жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету және тауарды жеткізу басталғанға дейін жүзеге асырады. Егер шарт бойынша жұмыстар немесе қызметтер Тапсырыс

берушінің/Мердігердің бірнеше аумақтық бытыраңқы объектілерінде орындалса, онда нұсқаушы кеңестерді әрбір объект бойынша бөлек жүргізуге жол беріледі.

8. Тапсырыс беруші алдын ала, бірақ нұсқаушы кеңесті өткізгенге дейін екі тәуліктен кешіктірмей Мердігерге нұсқаушы кеңесті өткізу туралы хабарлама жіберуге міндетті.

9. Нұсқаушы кеңесте еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік талаптарын өзара сақтау жөніндегі барлық аспектілер айтылуы тиіс. Нұсқаушы кеңесте қаралуға жататын мәселелердің үлгілік тізбесі нұсқаушы кеңестің Бағдарламасында (осы Стандартқа Д қосымша) келтірілген.

Объектілердегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік талаптарын белгілейтін Тапсырыс берушінің құжаттарының көшірмелерін Қызмет Мердігерге қабылдау-беру актісі бойынша электрондық тасығыштарда береді.

10. Қызмет қызметкері нұсқаушы кеңестің нәтижелерін нұсқаушы кеңеске қатысқан Тапсырыс беруші мен Мердігердің өкілдері қол қоятын хаттамамен ресімдейді.

6. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқама жүргізуді ұйымдастыру

11. Жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге, тауарларды жеткізуге шарт жасасқаннан кейін, Тапсырыс берушінің/Мердігердің объектілерінде жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету, тауарларды жеткізу басталардың алдында кәсіпорында орналасқан Объектілермен жұмыс істейтін Мердігер/Тапсырыс берушінің персоналына еңбек жағдайларымен, ішкі еңбек тәртібі қағидасымен және Тапсырыс берушінің/Мердігердің объектілеріндегі еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың негізгі мәселелерімен танысу мақсатында қолданыстағы кіріспе нұсқама жүргізіледі. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі кіріспе нұсқаманы бұйрыққа және/немесе лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес кіріспе нұсқаманы өткізу жөніндегі міндеттер жүктелген Тапсырыс берушінің/Мердігердің Қызметі/қызметкері жүргізеді.

7. Мердігер қызметкерлерінің Тапсырыс берушінің/Мердігердің объектілерінде жұмыстарды орындау кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтауына мониторинг жүргізу

12. Тапсырыс берушінің өкілдері Тапсырыс берушінің/Мердігердің объектілерінде Компанияның және ЕҰ Объектілердегі еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік талаптарын белгілейтін стандарттарының, регламенттерінің, нұсқаулықтары мен өзге де құжаттарының орындалуы және Мердігер өкілінің қатысуымен бақылау шараларының тиімділігі тұрғысынан тексерулер мен аудиттерді жүзеге асыруға құқылы.

13. Мердігердің Объектілері бойынша тексерулер мен аудиттердің графиктерін Қызмет әзірлейді, тексеру/аудит орындаушыларын көрсете отырып, Тапсырыс берушінің басшысы бекітеді және танысу үшін Мердігерге жібереді. Тексерулер тоқсанына кемінде бір рет жүргізілуі тиіс. Шарттың қолданылу кезеңі 3 айдан кем болған жағдайда тексерулер кемінде бір рет жүргізіледі. Тексеру/аудит графиктері, Мердігердің тексеру/аудит жүргізу графигімен танысқаны туралы жауап хабарламалары жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге, тауарды жеткізуге арналған шартта көзделген тәртіппен не нұсқаушы кеңестің хаттамасында белгіленген тәртіппен жіберіледі.

14. Тексерулер осы Стандартқа Е қосымшада көрсетілген нысандарға сәйкес әзірленетін чек-парақтарды қолдана отырып орындалады. Аудит осы Стандартқа Ж қосымшада көрсетілген Мердігердің басқару жүйесін бағалау чек-парақты пайдалана отырып орындалады. Қажет болған жағдайда көрсетілген чек-парақтар толықтырылуы мүмкін.

15. Мердігер тексеру/аудит нәтижелері бойынша әзірлеген түзету әрекеттері нұсқаушы кеңестің хаттамасында көрсетілген тәсілмен Қызметпен келісіледі.

16. Мердігер заңнамалық және Компания мен ЕҰ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы жергілікті актілерінің талаптарын бұзушылықтарды жою үшін түзету іс-әрекеттерін белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда, Компанияның немесе ЕҰ уәкілетті өкілдері мердігер бар бұзушылықтарды толық жойғанға дейін жұмысты тоқтатады.

17. Мердігер жұмыстарды орындаған кезде оқиғалар болған жағдайда, соңғысы ең аз уақыт ішінде, бірақ оқиғадан кейін 24 сағаттан аспайтын мерзімде Тапсырыс берушінің Қызметіне Тапсырыс берушінің Объектілерінде жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету кезінде орын алған барлық оқиғалар, Мердігердің табиғат қорғау заңнамасын бұзған жағдайлары туралы хабарлайды.

8. Мердігерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы қызметін бағалау

18. Қызмет осы Стандартқа қосымшаға сәйкес нысан бойынша тоқсан сайын Мердігердің жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге, тауарды жеткізуге арналған шарттың талаптарына сәйкес ұсынылатын еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың, экологиялық қауіпсіздіктің жай-күйі туралы ақпаратқа талдау жүргізеді және талдау нәтижелері бойынша Тапсырыс беруші басшысының белгіленген тәртіппен тиісті шаралар қабылдауы үшін ұсыныстар дайындайды.

19. Күнтізбелік жылдың соңында желілік басқару деңгейі қызметі базадан деректерді «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобын басқару деңгейіне жібереді.

9. Мердігердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы қызметін цифрлық платформада ұйымдастыру

20. Мердігердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы қызметін цифрлық платформада ұйымдастыру

пайдаланушының «мердігердің қауіпсіздігін басқару» модуліне басшылығына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Жауапкершілік

21. Стандарт талаптарын тиісінше орындамағаны үшін жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге және тауарды жеткізуге арналған шарттардың орындалуын қамтамасыз ететін Компания филиалдары мен ЕҰ басшылары жауапты болады.

А қосымшасы
(міндетті)

Стандарттың ережелері қолданылмайтын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізбесі

- 1) онлайн сипаттағы бағдарламалық қамтамасыз ету және бағдарламалық қамтамасыз етуге/лицензияларға қол жеткізуді ұсыну жөніндегі қызметтер;
- 2) нотариустың, адвокаттың, жеке сот орындаушысының, банкроттық басқарушының, актуарийдің қызметтері;
- 3) жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу/түзету/есептеу/жасау/сараптау жөніндегі жұмыстар;
- 4) заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының стратегиялық, ерекше режимдік, режимдік және/немесе ерекше қорғалатын объектілері санаттарына жатқызылған Мердігер/Орындаушы объектілерінде орындалатын/көрсетілетін жұмыстар/көрсетілетін қызметтер;
- 5) коммуналдық қызметтер;
- 6) (арнайы) пошта, ұялы, спутниктік байланыс қызметтері;
- 7) мыналар:
 - мемлекеттік монополия субъектісінен оның қызметінің негізгі мәні бойынша, табиғи монополия субъектісінен табиғи монополиялар туралы заңнамаға сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тұлғадан;
 - заңнамамен бекітілген нысан бойынша жасалған шарттар бойынша;
 - мемлекеттік мекемелерден, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер туралы заңнамасына сәйкес жеке және (немесе) заңды тұлғаларға мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметті жүзеге асыратын бірыңғай провайдер көрсететін, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді;
 - Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден;
 - Достастыққа қатысушы мемлекеттердің Теміржол көлігі жөніндегі кеңесінің мүшелерімен жасалатын шарттар бойынша сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер

Б-қосымша
(міндетті)

Мердігерлер туралы дерекқор

1	№	2	Мердігердің атауы (занды мекен-жайы және нақты орналасқан жері)	3	Мердігердің өкілі туралы байланыс ақпараты	4	Тапсырыс берушінің өкілі (ТАӨ, лауазымы) телефоны	5	Қызмет түрі	6	Орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтер, тауарды жеткізу объектісі мен орны	7	Шарт мертебесі	8	Жұмыстар жүргізудің, қызметтер көрсетудің, тауар жеткізудің басталу күні	9	Жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және тауарды жеткізудің аяқталу күні	10	Жұмыс жүргізу, қызмет көрсету кезеңіне арналған объектідегі Мердігер қызметкерлерінің саны	11	ҚҚ талаптарын оқтаны үшін Тапсырыс беруші қойған талаптардың саны бірлік	12	Жаракаттар, авариялар, оқиғалар (күні, қысқаша ақпарат)	13	Тапсырыс беруші жүргізген тексерулер саны
---	---	---	-----------------------------------------------------------------	---	--------------------------------------------	---	---------------------------------------------------	---	-------------	---	-------------------------------------------------------------------------------------	---	----------------	---	--------------------------------------------------------------------------	---	-----------------------------------------------------------------------------	----	--------------------------------------------------------------------------------------------	----	--------------------------------------------------------------------------	----	---------------------------------------------------------	----	-------------------------------------------

В-қосымша
(міндетті)

Жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге және тауарлық-материалдық құндылықтарды жеткізуге арналған шартқа енгізу үшін еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндетті шарттар

(шарттың мәнін және көзделген жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің ерекшелігін ескере отырып)

Шарттың «Тараптардың міндеттері мен құқықтары» бөлімінде.

1. Мердігердің/Орындаушының/Жеткізушінің міндеттері:

- 1) жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету барысында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы қоса алғанда, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ осы Шартқа қосымша болып табылатын қабылдау-тапсыру актісі бойынша Тапсырыс беруші Мердігерге берген Тапсырыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы стандарттарының, регламенттерінің, нұсқаулықтары мен өзге де актілерінің талаптарын сақтау;
- 2) жұмыс басталғанға дейін өз қызметкерлерін және қосалқы мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерін Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істеу кезінде Тапсырыс берушінің қызметіне кіріспе нұсқамадан өту үшін жіберу;
- 3) осы Шарттың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптары бұзылған жағдайда Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің аумағында (меншік немесе пайдалану құқығында) жұмыстарды орындауды/қызметтер көрсетуді, тауарлық-материалдық құндылықтарды жеткізуді бар бұзушылықтар толық жойылғанға дейін тоқтата тұру. Бұл жағдайда жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді және тауарлық-материалдық құндылықтарды жеткізуді тоқтата тұру Мердігердің/Орындаушының кінәсінен жұмыссыз бос тұру болып табылады;
- 4) жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету және тауарлық-материалдық құндылықтарды жеткізу кезінде Тапсырыс берушінің Объектісінде жол жүру қауіпсіздігі жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
- 5) қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізу үшін Тапсырыс берушінің Объектілерін рұқсат беру актісі бойынша қабылдау;
- 6) ең аз уақыт ішінде, бірақ 24 сағаттан аспайтын уақыт ішінде Тапсырыс берушінің Объектілерінде жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету кезінде орын алған барлық оқиғалар, Мердігердің табиғат қорғау заңнамасын бұзу жағдайлары туралы Тапсырыс берушіні хабардар ету;
- 7) Тапсырыс беруші белгілеген кезеңділікпен «Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі біріктірілген жүйе» АБЖ-ға Тапсырыс беруші белгілеген мәліметтерді

енгізу.

2. Тапсырыс берушінің міндеттері:

1) белгілеу кеңесіне дейін немесе оның кезеңінде Мердігердің/Орындаушының/Жеткізушінің өкіліне Мердігердің/Орындаушының/Жеткізушінің есте сақтау құрылғысында Тапсырыс берушінің Объектілерінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік жөніндегі талаптарды белгілейтін pdf форматындағы құжаттардың (Тапсырыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы стандарттары, регламенттері, нұсқаулықтары және өзге де құжаттары) көшірмелерін беруге міндетті. Құжаттардың көшірмелерін беру Тапсырыс беруші мен Мердігердің уәкілетті өкілдері қол қоятын қабылдау-тапсыру актісін ресімдеу арқылы жүзеге асырылады.

3. Тапсырыс берушінің құқықтары:

1) Мердігердің/Орындаушының/Жеткізушінің және Мердігер/Орындаушы/Жеткізуші жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету, тауар-материалдық құндылықтарды жеткізу үшін тартатын үшінші тұлғалардың Мердігердің/Орындаушының/ Жеткізушінің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды, экологиялық қауіпсіздікті басқару жүйесіне тексеру және сыртқы аудит жүргізу арқылы осы Шарт бойынша талаптарды сақтауына мониторингті жүзеге асыру;

2) Мердігерде/Орындаушыда/Жеткізушіде Қазақстан Республикасы заңнамасының және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы Шарт талаптарының бұзушылықтары анықталған жағдайда, бар бұзушылықтар толық жойылғанға дейін Тапсырыс берушінің аумағында/Объектісінде жұмыстар жүргізуді/қызметтер көрсетуді және тауар-материалдық құндылықтарды жеткізуді тоқтата тұру.

Шарттың «Тараптардың жауапкершілігі» бөлімінде:

1. Мердігер/Орындаушы/Жеткізуші еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласында жол берілген бұзушылықтар жағдайында Шартқа ___ қосымшаға сәйкес тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлеуге міндеттенеді.

Ескертпе: осы қосымшада көрсетілген шарттар міндеттемелердің мәніне және шарттағы тараптардың атауына байланысты түзетілуі мүмкін.

Г қосымша
(міндетті)

Айыппұл мөлшерін көрсете отырып, мердігерлердің Компанияның және еншілес ұйымдардың объектілерінде жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету және тауарлық-материалдық құндылықтарды жеткізуі кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар тізбесі*

№	Бұзушылықтың атауы*	Тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың) шамасы, АЕК**	Бұзушылықты тіркеу құжаты	Ескерту
1	2	3	4	5
1	Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы нормативтік құжаттарының, Компанияның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы Мердігерге қабылдау-беру актісі бойынша берілген ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын орындамау, оқиғалар бойынша түзету іс-қимылдарын орындау жөніндегі ақпаратты орындамау немесе ұсынбау, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы Шарт талаптарын орындамау (әрбір анықталған бұзушылық фактісі үшін).	10 АЕК	Анықталған бұзушылықтың нәтижелері бойынша жасалған акті /чек-парақ	

№	Бұзушылықтың атауы*	Тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың) шамасы, АЕК**	Бұзушылықты тіркеу құжаты	Ескерту
1	2	3	4	5
2	Мердігердің отын және энергия тұтыну қондырғыларын, жылу желілерін, энергия тасымалдағыштарды, отынды сақтау, ұстау, тасымалдау объектілерін және оларды қайта өңдеу өнімдерін, оның ішінде Тапсырыс беруші Объектісінде сұйытылған газдары бар баллондарды пайдалану қағидаларын бұзуы.	30 АЕК	Анықталған бұзушылықтың нәтижелері бойынша жасалған акті /чек-парақ	
3	Мердігердің қауіпсіз пайдалану қағидаларын бұзуы немесе құбырларды, жылу желілерін, кәбіл желілерін және электр берудің әуе желілерін не олардың жабдықтарын Тапсырыс берушінің Объектісінде зақымдауы	150 АЕК, сондай ақ зиянды өтеу	Анықталған бұзушылықтың нәтижелері бойынша жасалған акті /чек-парақ	
4	Тапсырыс берушінің қауіпті өндірістік Объектілерінде апаттың туындауына әкеп соққан Мердігердің іс-әрекеті.	400 АЕК	Апатты техникалық тергеп-тексеру актісі	Актіде апат пен Мердігердің іс-әрекеті арасында байланыс көрсетілуі тиіс.
5	Тапсырыс берушінің қауіпті өндірістік Объектілерінде оқыс оқиғаның туындауына әкеп соққан Мердігердің іс-әрекеті.	100 АЕК, сондай ақ зиянды өтеу	Апатты техникалық тергеп-тексеру актісі	Актіде оқыс оқиға мен Мердігердің іс-әрекеті арасында байланыс көрсетілуі тиіс.

№	Бұзушылықтың атауы*	Тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың) шамасы, АЕК**	Бұзушылықты тіркеу құжаты	Ескерту
1	2	3	4	5
6	Тапсырыс берушінің Объектілерінде жұмыс жүргізу, қызмет көрсету кезінде қоршаған ортаға зиян келтіруге әкеп соққан Мердігердің іс-әрекеттері.	900 АЕК, сондай ақ зиянды өтеу	Экологиялық залалы бар апатты, оқыс оқиғаны тергеу актісі	Актіде қоршаған ортаға зиян келтіру мен Мердігердің іс-әрекеті арасында байланыс көрсетілуі тиіс.
<p><i>* Анықталған фактіде көрсетілген бұзушылықтардың бірнешеуінің белгілері бір уақытта болған кезде айыппұлдың жалпы мөлшері қойылатын айыппұлдардың біреуінің ең үлкен мәні ретінде белгіленеді, бұл ретте барлық бұзушылықтар үшін Мердігер Тапсырыс беруші алдында жауапты болады.</i></p> <p><i>** Айыппұл төлемдері Мердігерді Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген санкциялардан босатпайды.</i></p>				

Д қосымша
(міндетті)

Нұсқаушы кеңестің бағдарламасы *

№	Мәселелердің атаулары
1	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық және өрт қауіпсіздігі саласындағы Мердігерге қойылатын негізгі талаптар. Карталармен (схемалармен), жедел қызметтердің байланыстарымен және сатып алу туралы шарттың орындалуын мониторингтеумен танысу.
2	Тапсырыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы негізгі ішкі құжаттары.
3	Жеке қорғану құралдарына қойылатын талаптар
4	Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыстардың жекелеген түрлерін, оның ішінде қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары
5	Оқиғалар кезіндегі іс-қимыл тәртібі
6	Тапсырыс берушінің объектілеріндегі бақылау-өткізу және объектішілік режим
7	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі талаптар: - қалдықтарды жинау, сақтау және жинақтау орындарын ұйымдастыру (залалсыздандыру, қалдықтарды кәдеге жаратуға беру) - су тұтыну, су бұру процестерін экологиялық заңнаманың талаптарына сәйкес ұйымдастыру
8	Мердігердің бақылау шараларының стандарттарын, қағидаларын, нұсқаулықтары мен тиімділігін орындауы тұрғысынан тексерулер мен аудиттерді ұйымдастыруға және жүргізуге қатысты хабарламалармен алмасу тәртібі мен тәсілдері
9	Мердігердің сәйкессіздік себебін жоюға және оның қайталануын болдырмауға бағытталған түзету іс-әрекеттерін тексеру және аудит нәтижелері бойынша Мердігер әзірлеген Тапсырыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік қызметімен келісу тәртібі мен тәсілдері

* Орындалатын жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің түріне байланысты басқа да тақырыптар енгізілуі мүмкін.

Е қосымша
(міндетті)

**Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы
тексеруге арналған чек-парақ**

Чек-парақтың №	Тексерілетін ұйым
Тексеру түрі	Бөлімше
Тексеруді жүзеге асыратын бөлімше	Цех
Тексеру үшін негіз	Учаске
Тексерудің басталу күні	Чек-парақты толтыру орны
Тексерудің аяқталу күні	
Тексерушінің Т.А.Ә.	Тексерілетін бөлімше өкілінің Т.А.Ә.
Қолы	Қолы

Р/с	Талаптар	Иә	Жок	Қолданыл майды	Ескерту
1					
2					
3					
4					
5					

Фотосуреттер, құжаттардың көшірмесі және басқа да куәліктер

--	--

Ж қосымша
(міндетті)

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы аудитке арналған чек-парақ

Чек-парақтың №	Тексерілетін ұйым
Тексеру түрі	Бөлімше
Тексеруді жүзеге асыратын бөлімше	Цех
Тексеру үшін негіз	Учаске
Тексерудің басталу күні	Чек-парақты толтыру орны
Тексерудің аяқталу күні	
Тексерушінің Т.А.Ә.	Тексерілетін бөлімше өкілінің Т.А.Ә.
Қолы	Қолы

Р/с	Талаптар	Иә	Жок	Қолданыл майды	Ескерту
1					
2					
3					
4					
5					

Р/с	Оң жақтары:
1	
2	
	Сәйкессіздіктер:
1	
2	
	Ұсыныстар:
1	
2	

Фотосуреттер, құжаттардың көшірмесі және басқа да куәліктер

--	--

К қосымша
(міндетті)

**Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздіктің жай-күйі туралы
ақпарат**

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік жөніндегі есеп		
Мердігер:		
Есепті кезең (жыл, тоқсан, ай):		
Объектілер:		
Көрсеткіштер	Ағымдағы жылдың есепті айында	Есепті жылдың өспелі қорытындысы
1. Тапсырыс берушінің Объектілерінде Мердігер персоналымен болған жазатайым оқиғалардың саны		
2. Тапсырыс берушінің Объектілерінде болған жазатайым оқиғаларда зардап шеккендердің (олардың ішінде өліммен аяқталған) саны		
3. Тапсырыс берушінің Объектілерінде жазатайым оқиғаларға және жұмыс істеген адам-сағаттарға байланысты еңбекке жарамсыздық күндерінің саны		
4. Тапсырыс берушінің тексеру барысында анықталған бұзушылықтар саны/жойылған бұзушылықтар саны		
5. Тапсырыс берушінің Объектілерінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында болған апаттардың саны		
6. Тапсырыс берушінің аумағында және/ немесе Мердігер ұйымның автокөлігінде Тапсырыс берушінің қызметкерлерімен болған ЖКО саны		
7. Тапсырыс берушінің аумағында Мердігерде болған өрттердің/тұтанулардың саны		



«ҚТЖ» ҰК» АҚ

АО «НК «ҚТЖ»

NC KTZ JSC

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

29 декабря 2023 жыл

№ 1050 – ЦЗ

Астана қаласы

город Астана

Об утверждении стандарта организации


В целях установления единого порядка взаимодействия в области безопасности и охраны труда, экологической безопасности акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» и его дочерних организаций с поставщиками работ и услуг, товарно – материальных ценностей, в соответствии с подпунктом 19) пункта 1, подпунктом 1) пункта 3, подпунктом 18) пункта 6 Соглашения по партнерству от 4 июля 2018 года № 43-АО, подпунктами 15) и 17) пункта 1, подпунктом 1) пункта 3 Соглашения о партнерстве от 28 июля 2016 года №82-АО, подпунктом 19) пункта 1, подпунктом 1) пункта 3 Соглашения о партнерстве от 17 мая 2023 года №23-АО **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемый стандарт организации СТ АО 2.01-2023 «Управление безопасностью при выполнении работ подрядчиком в акционерном обществе «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» и его дочерних организациях».

